

**2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 30 қыркүйектегі № 25/05 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 қазанда № 3478 болып тіркелді. Қабылданған мерзімінің өтуіне байланысты өзінің қолданылуын тоқтатты (Нұра ауданының әкімінің 2016 жылғы 11 ақпандағы № 8-6/196 хаты)

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Нұра ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі орынбасарының міндеттерін атқарушы Салтанат Аққошқарқызы Мұқановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	Қ. Бексұлтанов
-------------	----------------

Нұра	ауданы	әкімдігінің
2015	жылғы	30
№ 25/05 қаулысымен бекітілген		қыркүйек

**2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері.**

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің	Мектепке дейінгі ұйымдардағы жан басына шаққандағы бір айға қаржыландыру	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдардағы ата-аналардың бір айға ақы төлеу	Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)
---	--	--	--	--

	түрі	саны	мөлшері (теңге)	мөлшері (теңге)	кем емес
		мемлекеттік	мемлекеттік	мемлекеттік	мемлекеттік
1	Балабақша	2 1 5	23333,22	7 5 0 0	23333,22
2	Мектепке дейінгі шағын орталық	2 3 0	9 0 9 1	5 0 0 0	9 0 9 1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ